II МОДУЛЬ

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 2-сабақ
# Сот бұйрығы

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| өзге де кірістер | басшылыққа алу |
| бюджет пайдасына | бағып-күту |
| атқарушылық құжат | алимент өндіріп алу |
| кәмелетке толмаған | дереу орындау |
| | сот бұйрығын шығару |

## 7. Тыңдаңыз және жазыңыз.

бюджет ______

кәмелетке ______

басшылыққа ______

алимент ______

сот бұйрығын ______

атқарушылық ______

еңбек ______

өзге де ______

дереу ______

## 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| дереу | жасқа толмаған |
| атқарушылық | алу |
| еңбек | пайдасына |
| басшылыққа | құжат |
| өзге де | кірістері |
| бюджет | алу |
| кәмелеттік | орындау |

## 4. Дұрыс аудармасымен сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | алимент өндіріп алу | | Вынесение судебного приказа |
| | сот бұйрығын шығару | 1 | Взыскание алиментов |
| | атқарушылық құжат | | В пользу бюджета |
| | басшылыққа алу | | несовершеннолетний |
| | өзге де кірістері | | прочие доходы |
| | бюджет пайдасына | | имеет юридическую силу |
| | дереу орындау | | принять к руководству |
| | кәмелетке толмаған | | исполнительный документ |



LIVEWORKSHEETS

## 5. Мәтінді тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.

Борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан ____________________ Ермек Фариза Бақыткелдіқызы, 25.08.2011 жылы туған баланың асырауына ____________ Айжан Нұрғалиқызы Асанованың пайдасына 2021 жылдың 09 қыркүйегінен бастап 2029 жылдың 25 тамызына дейін, ________ еңбек ақысының және __________________ 1/4 ________________ алимент өндірілсін.

Борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан 3 165 (үш мың жүз алпыс бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж _____________ пайдасына өндірілсін.

___________ атқарушылық құжат ________ және ҚР АПК-нің 243-бабына сай _____________ туралы бөлігі _____________ жатады.

Борышкер мәлімделген талапқа қарсылығын сот бұйрығын шығарған сотқа _________________ он жұмыс күні ішінде ____________ құқылы.

## 6. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| алимент | толмаған |
| кәмелетке | бюджет |
| бала | өндірілсін |
| пайдасына | талап |
| жергілікті | өндірілсін |
| мәлімделген | асырау |

## 7. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.

1. Мемлекеттік баж жергілікті бюджет пайдасына __________

өндірілсін | бұйырылсын | көрсетілсін

2. Сот бұйрығы атқарушылық құжат күшіне ие және ҚР АПК-нің 243 бабына сай алимент _____________ туралы бөлігі дереу орындалуға жатады.

алып беру | жасау | тапсыру

3. Кәмелетке толмаған балаға алимент _________ жөніндегі сот бұйрығын шығару туралы арызын қарау.

айыппұл салу | айыппұл салу | қамтамасыз ету

4. Борышкер мәлімделген талапқа қарсылығын _________ шығарған сотқа он жұмыс күні ішінде жіберуге құқылы.

істер | талап-арыз | сот бұйрығын



LIVEWORKSHEETS

## 8. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.

Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының судьясы А.С. Бекжан, ________ ________ Айжан Нұрғалиқызы Асанованың, ЖСН 870214000241,________ ________: Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров көшесі 86-үй, борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан, ЖСН 850211303559,________ ________: Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков көшесі, 49-үй, ________________________ ________балаларды ______________ арналған алименттерді________ __________ бойынша сот бұйрығын шығару туралы ________ ________, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 134-бабын, 135-баптың 4-тармақшасын, 139-141-баптарын, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 139-бабын ____________ ________ ___________, судья.

арызын қарап | кәмелетке толмаған | тұрғылықты жері | басшылыққа ала отырып | тіркелген жері | бағып-күтуге | өндіріп алу

## 9. Тыңдаңыз, сан есімдерді толықтырыңыз.

Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының судьясы А.С. Бекжан, өндіріп алушы Айжан Нұрғалиқызы Асанованың, ЖСН ______________, тұрғылықты жері: Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров көшесі __-үй, борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан, ЖСН ______________, тіркелген жері: Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков көшесі, _____, кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу бойынша сот бұйрығын шығару туралы арызын қарап, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің ____________, ____________ 4-тармақшасын, ___________, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің __________ басшылыққа ала отырып, судья.

## 10. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Борышкер Серікбаевтан | көшірмелерін | 13.09.2021 ж | пайдасына өндірілсін |
| АПК-нің 243 бабына сай | түпкілікті түрде | мемлекеттік баж жергілікті бюджет | алимент өндірілсін |
| Ай сайын | 3 165 теңге көлемінде | 1/4 мөлшерінде | жатады |
| Сот бұйрығының | алимент алып беру туралы | дереу орындалуға | дайын болады |
| Сот бұйрығы | өзге де кірістерінің | жіберуге | құқылы |



LIVEWORKSHEETS

№ ____________________ іс

# СОТ БҰЙРЫҒЫ

2021 жылғы 13 қыркүйек Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының судьясы А.С. Бекжан, өндіріп алушы Айжан Нұрғалиқызы Асанованың, ЖСН 870214000241, тұрғылықты жері Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров көшесі 86-үй, борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан, ЖСН 850211303559, тіркелген жері: Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков көшесі, 49-үй, кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу бойынша сот бұйрығын шығару туралы арызын қарап, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 134-бабын, 135-баптың 4-тармақшасын, 139-141-баптарын, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 139-бабын басшылыққа ала отырып, судья,

## БҰЙЫРАДЫ:

Борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан кәмелеттік жасқа толмаған Ермек Фариза Бақыткелдіқызы, 25.08.2011 жылы туған баланың асырауына өндіріп алушы Айжан Нұрғалиқызы Асанованың пайдасына 2021 жылдың 09 қыркүйегінен бастап баласы кәмелеттік жасқа толғанға, яғни 2029 жылдың 25 тамызына дейін, ай сайын еңбек ақысының және өзге де кірістерінің 1/4 мөлшерінде алимент өндірілсін.

Борышкер Бақыткелді Ермекұлы Серікбаевтан 3 165 (үш мың жүз алпыс бес) теңге көлемінде мемлекеттік баж жергілікті бюджет пайдасына өндірілсін.

Сот бұйрығы атқарушылық құжат күшіне ие және Қазақстан Республикасының АПК-нің 243-бабына сай алимент алып беру туралы бөлігі дереу орындалуға жатады.

Борышкер мәлімделген талапқа қарсылығын сот бұйрығын шығарған сотқа сот бұйрығының көшірмелерін алған күннен бастап немесе оның шығарылғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жіберуге құқылы.

Судья А. Бекжан



LIVEWORKSHEETS